



SOROS.KZ



LPRC
ЦЕНТР ИССЛЕДОВАНИЯ
ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ

2020

*Қазақстанда бейбіт жиналыстар
кезінде ұсталған тұлғаларды
қорғау ерекшеліктері*

POCKET BOOK

«Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ (LPRC) бұл басылымды «Сорос-Қазақстан» қорының қаржылық қолдауымен «Адвокаттар қоғамдастығының әлеуетін арттыру» жобасы аясында шыгарды. Бұл басылымның мазмұны авторлардың көзқарасын көрсетеді және Қор көзқарасына сай келуге міндетті емес.

Pocketbook 2020 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы құқықтық-нормативтік актілері мен жалпы танылған халықаралық-құқықтық нормалар негізінде дайындалды.

Авторлар үжымы:

Жанара Балгабаева
Мадина Беркали
Жан Кунсеркин
Эльвира Боханова
Ольга Диценко
Татьяна Чернобиль

Редакторлар үжымы:

Татьяна Зинович
Аяжан Ойратова
Тамара Сергазина

МАЗМУНЫ

| | |
|--|-----------|
| POCKET BOOK-те пайдаланылған нормативтік құжаттар тізімі | 10 |
| POCKET BOOK-те пайдаланылған БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің кейбір шешімдері | 16 |
| Қысқартулар мен шартты белгілер тізімі | 19 |
| БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ | 20 |
| Бейбіт жиналыстар құқығы. Ұғымы және сипаттамасы | 22 |
| Бейбіт жиналысты ұйымдастыру | 26 |
| Бейбіт жиналысты ұйымдастырушы және оған қатысушының құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері | 36 |
| Бейбіт жиналыстардағы БАҚ өкілдерінің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері | 38 |
| Жеке құқық бұзушылық профилактикасының шаралары | 40 |
| Халықаралық құқық мәннәтіндегі бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы туралы қосымша ақпарат | 42 |

МАЗМУНЫ

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҰСТАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ҚОРҒАУШЫНЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ
ӘРЕКЕТТЕРІ

44

Рұқсат етілген және рұқсат етілмеген бейбіт
жиналыстар барысында ұстай

46

Әкімшілік бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу
ерекшеліктері

48

Қорғаушиның іске кірісуі

50

Халықаралық құқық аясында ұстай

62

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕР
БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК СОТ ИСІН ЖҮРГІЗУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ҚОРҒАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕРИ

66

Адвокат әрекеттерінің стратегиясы

68

БАҚ өкілдерін қорғау

74

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу
талаптарын бұзу үшін жауаптылық

75

Бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы
мәнмәтініндегі әділ сот құқығы

78

МАЗМУНЫ

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕР
БОЙЫНША СОТ ШЕШІМДЕРІ МЕН ӘКІМШІЛІК ҚУДАЛАУ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ

82

Шағым жасау құқықтық қорғау тәсілі ретінде

84

Бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы
мәнмәтініндегі шағым жасау құқығы

88

ҚОҒАМ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРҒА ҚАТЫСТЫ
ЖАҒДАЯТТЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ?

92

Процестік құжаттардың жобалары

96



**POCKET BOOK-ТЕ
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ**

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері*

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасы

Конституциясы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2014 жылғы 14 шілдедегі № 226-V Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексі

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Қазақстан

Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексі

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI «Қазақстан

Республикасында бейбіт жиналыстарды үйимдастыру және
өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333>

1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-XIII «Жедел іздестіру

қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000>

1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-І «Бұқаралық ақпарат

құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>

2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV «Құқық бұзушылық
профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271>

2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV «Құқық қорғау қызметі

туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>

2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V «Қазақстан

Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан
Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>

2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI «Адвокаттық қызмет және

заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заны

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176>

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9
сәуірдегі № 1 «Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс
жүргізууді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы»
нормативтік қаулысы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000001S>

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы
24 сәуірдегі № 358 «Полицей стандартын бекіту туралы»
бұйрығы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020500>

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № 279 «Бейбіт
жиналыстарда болатын журналист (бүқаралық ақпарат құралы
өкілі) қызметінің қағидаларын, журналистиң айырым
белгілерінің нысандарын бекіту туралы» бұйрығы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021094>

Бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы
орындар тізбесі (бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және
өткізу үшін арнайы орындарды анықтау туралы
мәслихаттардың шешімдерін жергілікті атқару органдарының
интернет-ресурстарынан немесе [http://adilet.zan.kz/ сайтынан](http://adilet.zan.kz/)
[қараныз](#))

*2020 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша

Халықаралық-құқықтық құжаттар

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200 А (XXI) резолюциясымен қабылданған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті»
<https://www.ohchr.org/RU/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx>

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережесіндегі шектеу және тартыну түсіндірмесінің Сиракуз принциптері, Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және әлеуметтік кеңесі, E/CN.4/1985/4, 1985 жылғы Қосымша
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/08500000001>

Заңгерлер рөліне қатысты негізгі қағидаттар, БҰҰ-ның Қылмыстырылтың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі конгресі, 1990 жылдың 27 тамызы - 7 қыркүйегі
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/role_lawyers.shtml

Судьялардың жүріс-тұрысының негізгі қағидаттарын нығайту, Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі, 2006 жылғы 19 мамырдағы ECOSOC 2006/23 Қарары
https://www.unodc.org/pdf/corruption/corruption_judicial_res_r.pdf

Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі жетекші қағидаттар, 2007 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы
<https://www.osce.org/files/f/documents/d/6/83237.pdf>

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің 2007 жылғы 23 тамыздағы CCPR/C/GC/32 Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабына № 32 жалпы тәртіппегі ескертпесі
<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsrdB0H1l59790VGGB%2bWPAXhRj0XNTTvKgFHbxAcZSvX1dm5CQ5UJ08IoAaps4uSEAVEuthc7I80FRsRvX4lxibxEYcDgS5v0CRicuHF1KTax>

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің 2020 жылғы 27 шілдедегі CCPR/C/GC/37 Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 21-бабына № 37 жалпы тәртіппегі ескертпесі
<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsrdB0H1l59790VGGB%2bWPAXj3%2bh0P51AAHSqSubYW2%2fROAag545hCEpG5u5zQsDpYOPUYSNeyb456XRPbWnwZ%2bpk4wqETaf037bwQ9e0WaCR>

Pocket book-те пайдаланылған БҰҰ адам құқықтары жөніндегі комитетінің кейбір шешімдері

Андрей Свиридов Қазақстан Республикасына қарсы, 2017

жылғы 13 шілдедегі № 2158/2012 хабарлама бойынша

<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsjvfljqil84ZF1DNP1S9ELxQJAfNrlCI2uUD9UFdCOI4zqsVpFjtIte8SRPJ9ClrMJWdVMigoqdqbCGyeLuCHGg1SbYn4tLTDlppXSv9yVu5pVSI7F3fd0QrszRyHyVA%3d%3d>

Берік Жағыпаров Қазақстан Республикасына қарсы, 2018

жылғы 25 қазандағы № 2441/2014 хабарлама бойынша

<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsjvfljqil84ZF1DNP1S9EIWdPqnr8sUbqHn40iOIO1gwVps9n7SNbV1RR1vXwFvpPyXsA6vOKHRbyNK19jQd33jcnIGDtcbuj5GsRr%2bCmGAfjNnk7KPBiupNf9PLA%3d%3d>

Бақытгүл Сүлейменова Қазақстан Республикасына қарсы, 2019 жылғы 17 шілдедегі № 2416/2014 хабарлама бойынша

<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsjvfljqil84ZF1DNP1S9ElmZPid5b0j5WLGrDnmwrZKgU53d%2bhdR1bBWsnKDjd7vMzq9%2bGXmWHWAV%2bDOjdgeVi8fVLZU4KuS%2fKjZF9myAe3CjyQrLPQu4xjqdt6vzn4Lw%3d%3d>

Эсенбек Уктешбаев Қазақстан Республикасына қарсы, 2019

жылғы 17 шілдедегі № 2420/2014 хабарлама бойынша

<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsjvfljqil84ZF1DNP1S9ELYv245UVUFxanQ2qQE42oDmK08zGprLv1PZMT6ws7ajfdnLSnR7tzKneFwpLjAnU6WRjNOnNUvLLRng2ICBzcODEv9iifXM3bpXp0nlfg5g%3d%3d>

Дильнар Инсенова Қазақстан Республикасына қарсы, 2019

жылғы 26 шілдедегі № 2542/2015 және № 2543/2015

хабарламалар бойынша

https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/Download.aspx?symbolno=CCPR%2fC%2f126%2fD%2f2542%2f2015-2543-2015&Lang=ru

Бақытжан Төреғожина Қазақстан Республикасына қарсы, 2019

жылғы 15 қазандағы № 2257/2013 және № 2334/2014

хабарламалар бойынша

<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhKb7yhsjvfljqil84ZF1DNP1S9EKp84GGDiH4BXHcpAnlq1mukKqbyHw0aZxqNLsrKqETma%2fu%2fYfS25f8XufnLsw5qI4ppQwBp%2b2iRkLIH5SdzArdOJEEc%2fkJUGv3Lb5VeR4Kg%3d%3d>

Pocket book-те пайдаланылған БҰҰ адам құқықтары жөніндегі комитетінің кейбір шешімдері

Мұрат Телібеков Қазақстан Республикасына қарсы, 2020 жылғы 13 наурыздағы № 2687/2015 хабарлама бойынша
https://sud.gov.kz/sites/default/files/pagefiles/murat_telibekov.docx

Ержан Садықов Қазақстан Республикасына қарсы, 2020 жылғы 23 шілдедегі № 2456/2014 хабарлама бойынша
<http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d%2fPPRiCAqhqKb7yhsjvfljqil84ZFd1DNP1S9EIEFIZHbVbrt2aONozAxMBND2I3NG%2bTEuWGI6Bq%2fBIhNwcR%2fvmMn7JPB4QZF3%2fZSbFix6T2aQe2N60bS1s%2bhVM1iRJsg%2b9ZBmW%2f1xXSes%2bHA%3d%3d>

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ

| | |
|--------|--|
| МКБЗК | мемлекет кепілдік берген заң қомегі |
| ӘҚБтК | Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі |
| АҚжК | Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті |
| АСҚтХП | Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті |
| БҰҰ | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| ҚР | Қазақстан Республикасы |
| БАҚ | бұқаралық ақпарат құралдары |
| ҚҚ | Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі |

**БЕЙБІТ
ЖИНАЛЫСТАРДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

Бейбіт жиналыстар құқығы. Ұфымы және сипаттамасы.

САЛЫСТЫРЫҢЫЗ!

| АСҚТХП-ның 21-бабы | ҚР Конституциясының 32-бабы |
|--|--|
| Бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жүрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектелуден тыс шектелуі тиіс емес. | Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін. |

Халықаралық құқық нормаларына сәйкес мемлекет адам құқықтарына араласпауы (оларды бұзбауы) тиіс; бұзылған жағдайда оларды қорғауға; проактивті түрде әрекет етуі – адам құқықтарын ең жоғары деңгейде жүзеге асыруы тиіс.

Адам құқықтары иеліктен шығарыла алмайды, бірақ құқықтардың көпшілігі мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, жүрттың денсаулығы немесе имандылығын сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүддесінде заңмен шектелуі мүмкін.

«Қазақстан Республикасында
бейбіт жиналыстарды
ұйымдастыру және өткізу
тәртібі туралы» Заң жария
іс-шаралардың қандай
түрлерін реттейді?

Қоғамдық-саиси сипаттағы
мемлекеттік емес
іс-шаралар.

ҚР Конституциясының 32-
бабының түсінігімен
жоғарыда көрсетілген заң
бейбіт жиналыстардың
қандай нысандарын
қамтиды?

- Жиналыстар
- Митингілер
- Демонстрациялар
- Шерулер
- Пикеттер

Бейбіт жиналысты ұйымдастыру

№ Құжат түрі Бейбіт жиналыс нысаны Нормативтік дереккөз

| | | | |
|---|----------------------|---|------------------|
| 1 | Келісу туралы өтініш | Жылжымалы жиналыстар: демонстрация, шеру | 12-бап 2-тармақ |
| 2 | Хабарлама | Тұрақты жиналыстар: жиналыс, митинг, тосқауыл | 10-бап, 3-тармақ |

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР! Жоспарланған бейбіт жиналыстың кез-келген түрі туралы әкімдікке хабарлау қажет.

МАҢЫЗДЫ! Әкімшілік санкция қатерімен ұйымдастыруши әкімдікпен кері байланыс алу мерзімін күтпестен бейбіт жиналыс ұйымдастыруға кірісе алмайды. Кері байланыс түрлері: хабарлама жолдауға жауап – үнсіздік (тұрақты жиналыстарға қатысты) не келісу туралы өтінішке жауап – жазбаша жауап (жылжымалы жиналыстарға қатысты).

Тәменде бейбіт жиналыс ұйымдастыру тәртібінің №1, №2, №3 сызбаларын қарастырамыз.

Дайындаған: Т. Чернобиль

№1 сызба

Бейбіт жиналыс ұйымдастыру сызбасы. Демонстрация немесе шеру

1 кезең

Акциядан 10 күн бұрын (одан кем емес) ұйымдастырушы әкімдікке келісу туралы өтініш береді

Әкімдік 7 күн ішінде (одан көп емес) шешім қабылданап, ұйымдастырушыға хабарлайды.

Рұқсат береді

Рұқсат береді, бірақ киіз үй, рупор, көлік, т.б. рұқсат берілмейді

Тізімнен басқа орын және (немесе) уақыт ұсынады

Бас тартады

2 кезең

Ұйымдастыруши 1 күн ішінде (одан көп емес):

әкімдік шарттарымен акция өткізуге келіседі

әкімдікке міндетті түрде хабарлайды

әкімдік акцияға рұқсат береді

Ұйымдастырушы әкімдік бекіткен шарттармен акция өткізеді

әкімдік шарттарымен акция өткізуден бас тартады

әкімдікке хабарламайды

әкімдікке хабарлайды

әкімдік акция өткізуден бас тартады


Ұйымдастырушы акцияны өткізбейді

Ұйымдастырушы акцияны өз шарттарымен өткізеді


№2 сызба

Бейбіт жиналыс ұйымдастыру сызбасы. Жиналыс немесе митинг

1 кезең



2 кезең




№3 сызба

Бейбіт жиналыс үйымдастыруу сыйбасы. Бір адамдық пикет

1 кезең



2 кезең



10

Бейбіт жиналыстар
өткізуден бас тартудың
**он түрлі негізі «Қазақстан
Республикасында бейбіт
жиналыстарды
ұйымдастыру және өткізу
тәртібі туралы» Заңының 14-
бабында көрсетілген.
Алайда негіздердің барлығы
бірдей халықаралық құқық
нормаларына сай келе
бермейді.**

| № | ҚР Заңнамасына сәйкес бас тартуға негіз | Халықаралық құқық түрфысынан түсіндірме |
|---|---|---|
| 1 | <p>Егер мақсаты Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгерту, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нақілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыру, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің басқа да ережелерін бұзу болып табылса</p> | <p>Бейбіт жиналыс бостандығы құқығын шектеу үшін негіз жеткілікті дәрежеде нақтыланбаған. Дәлелдеу ауыртпалығы әрбір жағдайда мемлекетке жүктеледі.</p> |
| 2 | <p>Егер мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіптің бұзылуына, денсаулық сақтауға, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына қатер төнсе</p> | <p>Мемлекет қатердің шынайы төнетінін және белгілі бір адамнан немесе адамдар тобынан туындастырынын дәлелдеуі тиіс.</p> |
| 3 | <p>Осы Заңның 10.3-тармағында және 12.2-тармағында көрсетілген ақпарат толық берілмеген немесе бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының немесе оның өкілінің (болған кезде) қолтаңбасы болмаған жағдайда</p> | <p>Ақпарат ұсыну жалпы алғанда міндетtelмеуі тиіс. Керінше бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуде мемлекет қолдауына ие болу билік органдарына хабарлаудың мақсаты болып табылады.</p> |

Бейбіт жиналысты ұйымдастыруышы және оған қатысушының құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

Бейбіт жиналыс өткізу кезінде ұйымдастыруышының құқықтық қабілеттілігінің кейбір айырым ерекшеліктері (қатысушыга қараганда және/немесе қатысушыга қосымша) *:

- 1 жасы 18-ден асқан;
- 2 әрекет етуге қабілетті ҚР азаматы болу;
- 3 ағымдағы сottылықтың болмауы;
- 4 айырым белгісін тағып жүру;
- 5 азаматтардың талаптарына, өтініштеріне қол жинауды ұйымдастыру;
- 6 қатысушылардың қауіпсіздігі үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- 7 мемлекеттік орган немесе полицияның талабы бойынша бейбіт жиналысты тоқтата тұру/тоқтату;
- 8 қатысушыларға бейбіт жиналысты тоқтата тұру/тоқтату талаптарын жеткізу;
- 9 тәртіпті және бейбіт жиналыстарға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жеке күзет үйимдарын тартуға тыйым салынады.

МАҢЫЗДЫ! Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға қойылатын заң талаптары бұзылған жағдайда ұйымдастырушылар жиналысқа қатысушылармен салыстырғанда анағұрлым жоғары жауаптылықта болады: айыппұл 30 АЕК-ке дейін өседі.

МАҢЫЗДЫ! Бейбіт жиналыстарға қатысқаны үшін материалдық сыйақы алуға тыйым салынады.

Бейбіт жиналыстардағы БАҚ өкілдерінің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

Жария жиналыс туралы әңгімелуе
бостандығының маңызы оны
үйымдастыру және өткізуден кем
түспейді!

- ЕҚЫҰ-ның бейбіт жиналыстар
бостандығы жөніндегі жетекші
нұсқаулықтарының бірі

Журналист (БАҚ өкілі) бейбіт жиналыстар кезінде:

- 1 бейбіт жиналыстарды үйымдастыруши мен оларға қатысуышылардың, сондай-ақ мемлекеттік органдар, үйымдар қызметкерлерінің заңды әрекеттеріне кедергі келтірмеуге;
- 2 көліктің, инфрақұрылым объектілерінің іркіліссіз жұмыс істеуі, мүліктің сақталуы үшін бөгет жасайтын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарға қатыспайтын азаматтардың еркін жүріп-тұруына кедергі келтіретін әрекеттер жасамауға;
- 3 PRESS жазуы бар үш атрибуттың біріне ие болуға;
- 4 қызметтік күәлікке ие болуға міндетті.

МАҢЫЗДЫ!

Журналиsstten редакция тапсырмасының, аккредитациясының, рұқсат және өзге де көлісудің болуы талап етілмейді.

Жеке құқық бұзушылық профилактикасының шаралары

Хабарланған, бірақ рұқсат етілмеген бейбіт жиналыстар қарсаңында көбінесе жиналыстың ықтимал қатысушылары және/немесе үйімдастырушыларына қатысты әңгіме түрінде жеке құқық бұзушылық профилактикасының шаралары еткізіледі.

МАҢЫЗДЫ! Профилактикалық әңгімені «профилактика субъектілері» жүргізіледі, оларға әкімдіктер мен құқық қорғау органдары (олардың ішінде: полиция, прокуратура, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қырес қызметі және т.б.) жатады. Әңгіме «қызметтік үй-жайларда» не «профилактика обьектісінің» тұрғылықты, оқу немесе жұмыс орны бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар әңгіме құқық бұзушылық анықталған жерде де жүргізуі мүмкін және 1 сағаттан аспауы тиіс.

МАҢЫЗДЫ! Көмелетке толмаған адаммен профилактикалық әңгіме оның ата-анасының, педагогтардың немесе басқа да заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

МАҢЫЗДЫ! Жеке құқық бұзушылық профилактикасының шараларын қолдану туралы шешімге шағым жасалуы мүмкін.

Алдын-ала ұстау қазақстандық және халықаралық құқық бойынша қаншалықты заңды?

Қазақстандық заңнама бойынша алдын-ала ұстау жеке құқық бұзушылық профилактикасы шараларының тізіміне кірмейді және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша да, қылмыстық істер бойынша да іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына жатпайды. Алдын-ала ұстаудың нормативтік-құқықтық негізі жоқ, тиісінше олар заңсыз болып табылады. Халықаралық құқық тұрғысынан бұл бостандық пен жеке басқа қол сүқпаушылық, сондай-ақ жүріп-тұру бостандығы құқығын шектеу болып табылады.

Қазақстанның әрекеттеріне қарсы БҰҰ АҚЖК шешімдері (алдын-ала ұстау арқылы):

2020 жылғы 13 наурыздағы Мұрат Телібеков Қазақстан Республикасына қарсы;
2019 жылғы 15 қазандағы Бақытжан Төреғожина Қазақстан Республикасына қарсы.

Халықаралық құқық мәннәтіндегі бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы туралы қосымша ақпарат

Төменде халықаралық құқық мәннәтіндегі бейбіт жиналыс өткізуге қатысты сұрақтар мен жауаптардың қысқаша тізімі берілген.

| № | Халықаралық стандарттарға сәйкес | Иә | Жоқ |
|---|--|----|-----|
| 1 | Кез-келген жағдайда да бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы шектелуге жатпайды | + | |
| 2 | Мемлекет бейбіт жиналыстар өткізу үшін орын бөлуге міндетті | + | |
| 3 | Ұйымдастыруши бейбіт жиналысқа қатысушылардың әрекеттері үшін жауап береді | + | |
| 4 | Бейбіт жиналыс тақырыбының кері қоғамдық реакция тудыруы мүмкін болса, мемлекет оны өткізуден бас тартуға құқылы | + | |
| 5 | Ұлттық заңнама талаптарын сақтамау бейбіт жиналысқа жол бермеуге жеткілікті негіз бола алады | + | |
| 6 | Мемлекет бейбіт жиналыс тақырыбын және/немесе оны өткізу нысанын таңдауға араласуға құқылы | + | |
| 7 | Жаппай және дерекі зорлық-зомбылық белгілері бар жиналыс бейбіт емес деп танылады | + | |
| 8 | Бейбіт жиналыстарға азаматтығы жоқ тұлғалар да қатыса алады | + | |
| 9 | Бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы онлайн ішшараларды да қамтиды | + | |

МАҢЫЗДЫ! Халықаралық құқық нормаларына сәйкес пикеттер сез бостандығы құқығының құрамдас бөлігі болып табылады және бейбіт жиналыстар құқығына жатпайды. Мұның дәлелі БҰҰ АҚжК-ның 2017 жылғы 13 шілдедегі Андрей Свиридовтың Қазақстан Республикасына қарсы ісі бойынша шешімінде көрсетілген:

«Жеке тұлғаның қоғамдық орында өз пікірін [...] бейбіт түрде жеткізуіне көп адам жиналысына қолданылатын шектеулер қойылмауы туіс»;

Сонымен қатар АҚжК-да қоғамдық орында болжамды түрде әділ емес сотқа бейбіт жауап ретінде жеке адамның және адамдар тобының (немесе жиналыс) әрекеттеріне бірдей жазалау шарасын қолдану қаншалықты орынды деген сұрақ та туындалы.

**БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРҒА
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ
ҰСТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ.
ҚОРҒАУШЫНЫҢ
ТАКТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРИ**

Рұқсат етілген және етілмеген бейбіт жиналыштар барысында ұстау

ӘҚБтК-ның 785-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуінді 11 қамтамасыз ету шарасы көрсетілген.

Көбінесе бейбіт жиналышқа қатысатын адамдарға жеткізу немесе әкімшілік ұстап алу қолданылады.

Жеткізу туралы **хаттама жасалады** не әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік ұстап алу туралы хаттамаға **тиісті жазба** жасалады.

Әкімшілік ұстап алудың кейір ерекшеліктері

| Nº | Категория | Анықтама | ӘҚБтК нормасы |
|----|-----------|--|-----------------------|
| 1 | Ұфым | Құқық бұзушылыққа жол бермеу немесе іс жүргізуі қамтамасыз ету мақсатында жеке бас бостандығын қысқа уақытқа шектеу | Ст. 787 |
| 2 | Субъект | 16 жасқа толған тұлға (ақыл-есі дұрыс) | Ст. 28 |
| 3 | Құжат | Әкімшілік ұстап алу туралы хаттама жасалады және ұсталған тұлғаға тапсырылады | Ст. 788 |
| 4 | Мерзім | Әкімшілік ұстап алу 3 сағаттан ұзақ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін – жиырма төрт сағаттан ұзақ бола алмайды. Әкімшілік ұстап алу мерзімі әкімшілік қамаққа алу мерзіміне кіреді. | Ст. 789 Ст. 50 |

Әкімшілік бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама **дереу**, ал сараптама қажеттілігі болған жағдайда сараптама және (немесе) маман қорытындысын алған сәттен бастап **екі тәулік ішінде** жасалуы қажет.

Ішкі істер органдарында, әскери полиция органдарында және мемлекеттік күзет қызметтерінде хаттама жасау өкілеттіктері бар*.

*Қарастырылып отырған тақырыпқа қатысы бар органдар тізімде белгіленіп көрсетілді.

Іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, алайда қажет болған жағдайда уәжді қаулы шығары арқылы басқа тілдер де тең дәрежеде пайдаланылады.*

*Іс материалдарымен танысу кезінде *сом ісін жүргізу тілін өзгерту туралы қаулының бар екеніне көз жеткізу* керек. Сом ісін жүргізуудің бастапқы тілі – қазақ тілі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ескерту түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайларда, **егер тұлға құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаса жасалмайды***.

*ӘКБтК-ның 488-бабына қатысты бұл бап қолданыла алмайды, өйткені, бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізуге қатысты бұзушылықтар ескертуден бөлек өзге санкция түрлерін көздейді.

МАҢЫЗДЫ! Ұсталған тұлғаға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу іс бойынша іс жүргізууді елеулі түрде бұзы болып табылады.

Қорғауышының іске кірісуі

Қорғауышыны тұлға, оның өкілдері, сондай-ақ тұлғаның тапсыруымен немесе келісімімен басқа да адамдар шақырады.*

*Заң көмегін көрсету туралы келісім жасалған жағдайда құпия әңгімеде жазбаша түрде тұлға келісімін алып қоюға кеңес беріледі.

Заңды өкіл әкімшілік ұстап алған немесе әкімшілік ұстап алу туралы хаттама жасалған сәттен бастап іске кіріседі.

Ұсталған адамның өзіне жүргінуіне қатысты адвокатқа жадынама

1

Сіздің қорғауыңыздығы адам кім?*

Ашық белсенді, жасырын белсенді немесе жай жүргінші.

Белсенді – жоспарланған бейбіт жиналыс орнына саналы түрде және әдейі келген және оған қосылған адам. Белсенді өз кезегінде ашық немесе жасырын болуы мүмкін. Ашық белсенді полицияға, прокурорға, сотқа бейбіт жиналысқа қатысқанын және белгілі бір құрбандыққа бара алатынын дереу мойындан мәлімдесе, жасырын белсенді кездейсоқ ұсталғанын және бейбіт жиналысқа қатыспағанын, сондықтан өзін кінәсіз деп санайтынын айтады.

Жай жүргінші – бұл шынымен де қажетсіз уақытта керек емес жерге тап болған және бейбіт жиналысқа қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған кездейсоқ адам.



*Саралаудың нормативтік негізі жоқ. Ж.Кунсеркин адвокаттардың жұмысын жеңілдету мақсатында қорғаудагы адам «санатын» анықтау және қорғау ұстанымын құру үшін ұсынған.

Ұсталған адамның өзіне жүгінуіне қатысты адвокатқа жадынама

2

Көп жағдайда сіздің қорғауыңыздағы адам – бұл:

- ◆ заңға бағынатын азамат;
- ◆ полиция органдарымен қарым-қатынас тәжірибесі аз;
- ◆ бұрын азаматтық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған;
- ◆ процестік құжаттарды толтыру, осы құжаттардың зандаудығын анықтау дағдылары жоқ

3

Сіздің қорғауыңыздағы адам өз құқықтары мен міндеттерін біле ме?

Сіздің қорғауыңыздағы адам ашық белсенді болса, оның кінәлілігін мойындауы арқылы қорғау стратегиясын құру мүмкіндігі болады, бейбіт жиналыштар құқығы бұған негіз бола алады.

Ұсталған адамның өзіне жүгінуіне қатысты адвокатқа жадынама

4

Тілді анықтап алыңыз!

Қорғауыңыздағы адамның қай тілде сөйлейтіні аса маңызды. Адвокат қазақ тілінде де, орыс тілінде де заң көмегін көрсетуге дайын болуы тиіс.

Хабарламалар мен өтінішхаттардың үлгілерін алдын-ала екі тілде бірнеше данада дайындал қоюға кеңес беріледі.

5

Ескеріңіз...

Қорғауыңыздағы адам мүмкіндігі шектеулі адам болуы мүмкін. Маманның немесе сенімді тұлғаның бар екеніне көз жеткізу қажет. Клиенттің шектеулі мүмкіндіктерінің құжаттарды рәсімдеуде қындық туғызыу мүмкін екеніне дайын болыңыз.

Ұсталған адамнан өзіне жүгінген кезде адвокатқа қажет деректер тізімі

Аты-жөні, тегі

Туған күні

Азаматтығы

ЖСН

МобиЛЬДІ телефон нөмірі

Электронды пошта

Мекенжайы

Жұмыс (оқу) орны

Балаларының болуы және
олардың жасы

Отбасылық жағдайы

Мүгедектігінің болуы

Созылмалы және ауыр
сырқатының болуы

Әкімшілік жауаптылыққа
тартылған ба

Қылмыстық жауаптылыққа
тартылған ба

Сот ісін жүргізу тілі

Ұстаудың мән-жайлары

Кінесін мойындай ма

Күәлардың болуы

МАҢЫЗДЫ! Адамның адвокатқа жүгіну
фактісі адвокат құпиясының бір бөлігі
болып табылады.

Бейбіт жиналыстарға қатысушыларды әкімшілік ұстап алу кезінде жиі кездесетін адвокат құқықтарын және кепілдіктерді бұзу

Қорғауындағы адаммен құпия әңгіме өткізудің мүмкін
еместігі («Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы»
Заңың 33-бабы 3 (5)-тармағы)

Соттар ғимаратына кіре алмау («Адвокаттық қызмет және
заң көмегі туралы» Заңың 33-бабы 4-тармағы)

Байланыс құралдарын пайдалану мүмкіндігі болмау
(«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңың 35-
бабы 5-тармағы)

МАҢЫЗДЫ! Көп жағдайда бейбіт жиналыстар
туралы істерді қарая БАҚ-та кеңінен жария
етілүмен қатар жүреді. Қорғаушы ретінде
сізден сұхбат беруді өтінсе, клиентіңізден
адвокат құпиясын жария етуге келісім
алуды ұмытпаңыз

Халықаралық құқық аясында ұстau

Ұстau мәнмәтінінде Қазақстан әрекеттеріне қарсы БҰҰ АҚжК шешімдері

Тосын митингтерге қатысуға немесе оны ұйымдастыруға байланысты ұстau:

2019 жылғы 26 шілдедегі Дильнар Инсенова Қазақстан Республикасына қарсы;

2019 жылғы 17 шілдедегі Эсенбек Уктешбаев пен Бақытгүл Сүлейменова Қазақстан Республикасына қарсы.

Журналистті ұстau:

2018 жылғы 25 қазандағы Берік Жағыпаров Қазақстан Республикасына қарсы.

«Пікір бостандығы мен оларды еркін білдіру және жиналыстар бостандығын қоса алғанда Пакт кепілдік беретін құқықтарды заңды жүзеге асырганы үшін жаза ретінде қамақça алу немесе күзетпен ұстau негізсіз сипатта болады».

Митингке шақыртулар таратуына байланысты ұстau:

2020 жылғы 23 шілде Ержан Садықов Қазақстан Республикасына қарсы;

2019 жылғы 26 шілдедегі Дильнар Инсенова Қазақстан Республикасына қарсы.

Халықаралық құқық аясында ұстau

**БҰҰ АҚжК-ның Қазақстанның қатысуымен шешімдерін
талдау**

1

Барлық істерде (2020 жылдың желтоқсанындағы жағдай бойынша 15 шешім) қамаққа алып, артынан ұстau орын алған. Халықаралық-құқықтық түсінік бойынша «қамаққа алу» «ұстаудан» бұрын келетінін және қазақстандық заңнама түсінігінде нақты ұстauға сәйкес келетінін, ал «ұстau» қазақстандық заңнама түсінігінде «қамаққа алуды» білдіретінін түсіну қажет.

2

АҚжК барлық істерде бұл ұстau жағдайларының АСҚтХП кепілдік беретін құқықтарды жүзеге асырғаны үшін жүргізілгенін анықтаған, атап айтқанда:
*Бейбіт түрдегі жиналыштарды өткізу бостандығының құқығы (21-бап);
Пікірін білдіру бостандығының құқығы (19-бап).*

3

Осылайша барлық ұстau жағдайлары АСҚтХП кепілдік беретін құқықтар үшін жаза ретінде танылған.

4

Авторлардың арызы бойынша екі істе бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығын бұзу анықталған (АСҚтХП-ның 9-бабы).

**БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ ІСТЕР БОЙЫНША
ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ҚОРҒАУДЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Адвокат әрекеттерінің стратегиясы

Адвокат әрекеттерінің жалпы жоспары

- 1 Истің нақты мән-жайларын зерделеу, тактика таңдау. Экімшілік жауаптылыққа тартуды болдырмайтын, оның ішінде тұлғаның кінәлілік дәлелдемелерін жеңілдететін және ауырлататын, ақтайтын немесе жоққа шығаратын мән-жайларды қарau.
- 2 Экімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін анықталған нақты мән-жайлармен салғастыру түрінде талдау жұмысы.
- 3 ӘКБтК-ның жалпы және ерекше бөлімдерін талдау.
- 4 Дәлелдемелер жинау, өтінішхаттар, шағымдар, қарсылық білдіру туралы арыздар беру және т.б.

МАҢЫЗДЫ!

Исті қарau кезінде қорғауындағы адамның хаттама көшірмесін алғаны туралы қолы болса да, көбінесе онда хаттаманың көшірмесі болмайды.

Соттан хаттама көшірмесін сұрағыз және онсыз процесті бастамаңыз.

Адвокат әрекеттерінің стратегиясы

Қорғауды құру. Дәлелдемелердің дереккөздері

1 Хаттаманы зерделеу

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама – бұл әкімшілік процесте қорғау ұстанымын қалыптастырудың ең маңызды және көп жағдайда жалғыз көзі.

Хаттамада көптеген қателіктерге жол беріледі, олар адвокатқа қорғау стратегиясын құруға көмектесе алады.

Мысалы:

- хаттаманы бірнеше полиция қызметкері жасайды;
- әкімшілік құқық бұзушылық уақыты мен орны көрсетілмеген;
- *com ісін жүргізу тілі анықталмаган;*
- ұсталған адамның қолы жоқ.

МАҢЫЗДЫ! Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама бланкісі – қатаң есеп беру құжаты, сондықтан оны ауыстыру мүмкіндігін болдырмау үшін оның бірегей нөмірін жазып алу қажет.

Адвокат әрекеттерінің стратегиясы

Қорғауды құру. Дәлелдемелердің дереккөздері

2 Ұсталған адамның түсініктемесі

Дәлелдемелердің екінші көзі – ұсталған адамның жазбаша түсініктемесі. Ұсталған адам ашық белсенді болса, онда одан болған оқиға туралы егжей-тегжейлі түсініктемені жеке параққа алу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада жазбаша түсініктеме бар екенін де көрсету қажет.

Қорғауды құру. Дәлелдемелердің дереккөздері

3 Кінәлі ме, жоқ па?

Кейде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада кінәсінің дәлелдемелері мүлдем болмайды. Сондықтан кінәсіздік дәлелдемелерін пайдалануға болады: сіздің қорғауызындағы адаммен қатар күтіп отырған күәлардың, сондай-ақ сол бейбіт жиналышта ұсталған өзге де қатысуышылардың мобиЛЬДІ телефондарынан жазбаларды тексеру.

Алайда көп жағдайда Қазақстанда рұқсат етілмеген бейбіт жиналышқа қатысуышыларды ұстайды. Мұндай жағдайда қатысуышылардың кінәлілігі бейбіт жиналыш өткізуге үйымдастырушыларда «санкцияның» болмау фактісімен: түрақты бейбіт жиналыштар жағдайында үйымдастырушының келісі туралы өтінішіне әкімдіктерден кері байланыс беру және алу (үнсіздік) фактісімен, ал жылжымалы бейбіт жиналыштар жағдайында үйымдастырушының әкімдікке хабарлама беру және одан жазбаша шешім алу фактісімен анықталады.

4 Сот ісін жүргізу тілі

Сот ісін жүргізу тілін бұзу соттың істі қарau барысына елеулі түрде әсер ете алады.

БАҚ өкілдерін қорғау

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу талаптарын бұзу үшін жауаптылық

Бейбіт жиналыс уақытында ұсталған жағдайда журналистті қорғау стратегиясы келесі элементтердің болуына негізделеді:

- журналист мәртебесін растигын дәлелдемелер.
- журналисттің бейбіт жиналыс туралы хабар тарату қызметін ғана атқарғанының, «Бүқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға сәйкес кәсіби іс-әрекетін жүзеге асырғанының дәлелдемелері.
- журналисттің «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңың 7-бабында көзделген міндеттерді атқарғанының дәлелдемелері.

Төменде қоғамдық-саяси сипаттағы мемлекеттік емес іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу талаптарын бұзғаны үшін ӘҚБтК-ның 488-бабында көзделген санкциялар ұсынылады (1 жыл ішінде бірінші рет).

| | Рұқсат етілген іс-шара | | | Рұқсат етіlmеген іс-шара | | |
|-----------------|------------------------|---------|-------------------|--------------------------|---------|-------------------|
| | Ескерту | Айыппұл | Қамаққа алу | Ескерту | Айыппұл | Қамаққа алу |
| Қатысушы | + | 20 АЕК | 10 тәулікке дейін | + | 30 АЕК | 15 тәулікке дейін |
| Ұйымдастырушы | + | 30 АЕК | 10 тәулікке дейін | - | 50 АЕК | 15 тәулікке дейін |
| Шетелдік азамат | - | - | | + | 30 АЕК | 15 тәулікке дейін |

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу талаптарын бұзу үшін жауаптылық

1 жыл ішінде бейбіт жиналыс ұйымдастыру және өткізу қағидаларын қайта бұзғаны үшін санкциялар.

| | Рұқсат етілген іс-шара | | | Рұқсат етілмеген іс-шара | | |
|---------------|------------------------|---------|-------------------|--------------------------|---------|-------------------|
| | Ескерту | Айыппұл | Қамаққа алу | Ескерту | Айыппұл | Қамаққа алу |
| Қатысушы | - | 50 АЕК | 15 тәулікке дейін | - | 50 АЕК | 25 тәулікке дейін |
| Ұйымдастырушы | - | 50 АЕК | 15 тәулікке дейін | - | 70 АЕК | 25 тәулікке дейін |

МАҢЫЗДЫ! Сонымен қатар ӘҚБТК-ның 488-бабында «өзге де жария іс-шараларды» (мысалы, флэшмобтар) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылық та көзделген.

Бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы мәнмәтініндегі әділ сот құқығы

Бұзушылық түрі: **Адвокат бермеу**

| Сот практикасы | Кейстен үзінді | БҰҰ АҚжК түсіндірмесі |
|--|--|--|
| Ержан Садықов Қазақстан Республикасына қарсы | «адам тұрғысыз жағдайда күзетпен ұсталған және тамақ берілмеген, бұл оны адвокатсыз сот талқылауына келісуге мәжбүрлекен. Сонымен қатар адвокат оған сот талқылауы барысында да берілмеген». | АҚжК (Д. Инсенованың ісі бойынша) «...қылмыстық айыптау» концептісінің өзі Пакті мағынасында түсінілуі керек». Комитет бұл жаза қысқа болса да, бас бостандығынан айырумен аяқталғанын және мақсаты авторды оның іс- әрекеті үшін жазалау және басқа да тұлғалардың осындағы әрекеттер жасауының алдын алу болғанын ескерді. Нәтижесінде Комитет автордың айтқандарын АСҚТХП-ның 14-бабы 3(d)- тармағы бойынша қорғауға алынады деп санауды қаулы етті. |
| Дильнар Инсенова Қазақстан Республикасына қарсы | Д. Инсенованың айтуынша, ұсталғаннан кейін екі жағдайда да оған адвокат алу құқығы туралы хабарланбаған; адвокатты өзі талап еткен. Адвокат берілмеген. | |

Бейбіт жиналыстар бостандығының құқығы мәнненіндегі әділ сот құқығы

Бұзушылық түрі: *Объективті емес сот*

| Сот практикасы | Кейстен үзінді | БҰҰ АҚжК түсіндірмесі |
|---|---|--|
| Эсенбек Уктешбаев және Бақытгүл Сүлейменова Қазақстан Республикасына қарсы | Авторлар «соттардың [...] бейтарапты болмағанын, автордың өтінішхатын назарға алмағанын және Пакті ережелерін елемегенін айтады». | АҚжК автордың ісін қарастыру кезінде соттардың біржактылығынан және айыптау көзқарасынан АСҚтХП-ның 14-бабы бойынша оның құқықтарының бұзылғаны туралы автор пайымдауды назарға алды. Өзге тиісті ақпараттың болмауына байланысты Комитет автор осы айтқанын жеткілікті дәрежеде қолайлылық мақсатында негіздей алмады деп есептеді. |

Бұзушылық түрі: *Тиімді апелляцияга қол жеткізуден бас тарту*

| Сот практикасы | Кейстен үзінді | БҰҰ АҚжК түсіндірмесі |
|---|---|---|
| Берік Жағыпаров Қазақстан Республикасына қарсы | «Берік Жағыпаровқа шығарылған әкімшілік үкімдер анағұрлым жоғары сатыдағы соттарда қаралғанға дейін дерек орындалған» | АҚжК АСҚтХП-ның 14(5)-бабына сәйкес қайсынан қылмыс үшін әрбір сотталған адамның өз үкімнің заңға сәйкес жоғарғы сот инстанцияларында қайта қаралуына құқығы бар екенін еске салды. |

**БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ СОТ ШЕШІМДЕРІ
МЕН ӘКІМШІЛІК ҚУДАЛАУ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРИНЕ
ШАҒЫМ ЖАСАУ**

Шағым жасау құқықтық қорғау тәсілі ретінде

Шағым заң көмегін көрсетудің негізгі элементі болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы шешімге жоғарғы органға және (немесе) сотқа шағым беруге болады. Шағымдар хаттамаға енгізу арқылы ауызша және жазбаша болуы мүмкін.

Тұлғаға оның құқықтарының бұзылғаны туралы белгілі болған күннен бастап екі ай ішінде шағыммен жүгінуге болады.

ӘҚБТК-ның 829-бабына сәйкес шағым келіп түскен күннен бастап 10 тәулік ішінде қаралуға жатады. Мерзім 10 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама емес, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шағым беруге жататынын есте сақтаңыз.

МАҢЫЗДЫ!

Бейбіт жиналыстың кейір қатысушыларына қатысты әкімшілік жаза қолдану туралы әкімшілік хаттамалар мен қаулылар жасалған, басым көпшілігі ӘҚБТК-ның 443-бабы бойынша (полиция қызметкерлеріне бағынбау) жасалған.

Шағым жасау құқықтық қорғау тәсілі ретінде

**Қазақстандықтарға қандай шағым беру рәсімдері қол
жетімді?**

- Заңды қүшіне енбекен сот қаулыларын апелляциялық тәртіппен қайта қарая (ӘҚБТК-ның 45-тaraуы);
- Заңды қүшіне енген сот қаулыларын кассациялық тәртіппен қайта қарая (ӘҚБТК-ның 46-тaraуы);
- Сот актілеріне шағым жасау туралы прокуратураға өтінішхат (иерархия бойынша: аудандық прокуратура, қала прокуры, Бас прокуратура, Бас прокурор);
- БҰҰ АҚЖК-ға жеке хабарлама.

МАҢЫЗДЫ!

Прокуратура органдарына жоғарғы не қадағалаушы орган ретінде жүгінуге қарамастан оларға шағыммен жүгіну БҰҰ АҚЖК тарапынан таусылуға жататын құқықтық қорғау құралы деп танылмайды.

Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы мәнмәтініндегі шағым жасау құқығы

Шағым жасау құралдарын тауысу қағидаты заңды күшіне енген түпкілікті шешім және ұлттық деңгейде шағым жасауға жатпайтын сот шешімі ғана шағым нысанасы бола алатынын білдіреді.

Алайда бұл қағиданың келесі ерекшеліктері бар:

- өтініш беруші үшін ұлттық инстанцияға жүгіну қол жетімсіз;
- ұлттық инстанцияға жүгіну ұзақ уақытқа жөнсіз созылады;
- ұлттық инстанцияға жүгіну тиімсіз.

«Қатысушы мемлекет қадағалау тәртібімен істі қайта қарау туралы Бас прокурорға жүгінудің бұл жағдайда құқықтық қоргаудың тиімді құралы болатынын растайтын ақпарат ұсынбады»

Мұрат Телібеков Қазақстан Республикасына қарсы.

Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы мәнмәтініндегі шағым жасау құқығы

Көп жағдайда Қазақстанға қатысты БҰҰ АҚЖК қарайтын істер үлттых денгейде құқықтық қорғауға жүгінудің келесі тәжірибесіне ие:

мамандандырылған (ауданарапық) әкімшілік сол



апелляциялық инстанция (қалалық сол)



Бас прокуратурага жүгіну.

**ҚОҒАМ БЕЙБІТ
ЖИНАЛЫСТАРФА
ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЯТТЫ
ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕ
АЛАДЫ?**

Қоғам бейбіт жиналыстарға қатысты жағдаятты қалай өзгерте алады?

- | | | | |
|----------|---|----------|--|
| 1 | «Бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» туралы Занды адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сай қайта қарауға қол жеткізу | 4 | Полиция органдары, адвокатура, сот арасында бірлесе оқыту арқылы диалог орнату |
| 2 | Полиция қызметкерлерін адам құқықтары бойынша оқыту | 5 | Практик мамандарды университеттерге оқытушылық қызметке тарту |
| 3 | Бейбіт жиналыстарға қатысушылармен олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ бейбіт жиналыстың барлық кезеңдерінде және ұсталған жағдайда жүріс-тұрыс туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу | 6 | Адвокаттар қызметі мен олардың құқықтарын таныту үшін әлеуметтік желілерді пайдалану |

Процестік құжаттардың жобалары

Төменде ұсынылған процестік құжаттардың жобалары адвокаттар пайдаланып жүрген қолданыстағы үлгілер болып табылады және көмекші мақсаттар үшін берілген.

1-қосымша
Улгіні Э. Боянова ұсынды
мәтін түпнұсқа редакцияда жарияланды

Алқа адвокатына

Мекенжайы: _____
Тел: _____

Кімнен _____
ЖСН _____

Тұрғылықты мекенжайы: _____
Телефон: _____
Электронды пошта: _____

Заң көмегіне жүгінген адамның адвокаттық құпиясын жария ету туралы
КЕЛІСІМ-ӨТІНІШ

Адвокат _____ және мен _____ арамызда _____ сатысында заң көмегін көрсету туралы шарт жасалды.

ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңын 37-бабы З-тармағының күшіне орай адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның көлісуінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексінің 5-тармағына сәйкес адвокаттық құпия сенім білдірушілердің аты-жөні мен атауын қоса алғанда, адвокатқа жүгіну фактісіне; тапсырманы орындау барысында адвокаттың жинаған дәлелдемелері мен құжаттарына; сенім білдірушіге арналған заң кеңестері мен құжаттардың мазмұнына; заң көмегін көрсету процесінде адвокатқа белгілі болған сенім білдіруші туралы немесе адвокаттың сенім білдірушіден алған ақпаратына; сенім білдірушімен жүргізілген әңгіменің мазмұнына; іс бойынша адвокаттық іс жүргізуге; адвокат пен сенім білдірушінің арасында ақшалай есеп айырысуды қосқанда, заң көмегін көрсету туралы шарттың талаптарына; заң көмегін көрсетуге байланысты өзге де мәліметтерге қолданылады.

Осыған байланысты, БАҚ-қа жүгіну үшін, баспасөз мәслихатын өткізу үшін менің мүддемде адвокатынан құпияны жария етуді талап ететін мән-жайлар туындағанда отыры.

Айтылғаның негізінде маған, _____ қатысты азаматтық, әкімшілік істер бойынша адвокаттық құпияны жария етуге жазбаша түрде өз көлісімімді беремін.

Бұл көлісімді беру кезінде адвокат пен үшінші тұлғалардан маған, _____ қандай да бір ықпал жасалған жоқ.

Менің құқықтарымды қорғау мақсатында адвокаттық құпияны жария ету бөлігінде қолданыстағы заңнама ережелері маған толық түсінікті және маған түсіндірілді.

Айы, күні, жылы _____
Қолы _____

2-қосымша

**Улгіні Э. Боканова ұсынды
мәтін түпнұсқа редакцияда жарияланды**

Орган атаяу, лауазымды тұлғаның аты-жөні
Прокурорға (ауданың, каланың/облыстың)

Өтініш беруші: Адвокаттар Алқасының
(алқаның атаяу) адвокаты аты-жөні, тегі № _____

Мекенжайы: _____
байланыс телефондары: _____

Мүддесі қорғалатын адамның аты-жөні, тегі (тұлға мәртебесі) _____

Мекенжайы/орналасқан жері: _____
байланыс телефондары: _____

Әрекеттеріне шағым жасалатын тұлға: _____

Орган атаяу _____
Орналасқан жері: _____
Лауазымды тұлғаның аты-жөні, тегі
(электронды пошта, байланыс телефондары)

Лауазымды тұлға(лар) әрекетіне(әрекетсіздігіне)

ШАҒЫМ

_____ (орган атаяу, лауазымды тұлғаның аты-жөні) іс жүргізуінде ҚР ӘҚБтК-ның
бабында/баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін
_____ (әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан ұсталған адамның
аты-жөні, тегі) қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу
жатыр.

_____ (органның лауазымды тұлғасы) іске қорғаушы ретінде кіріскені туралы
_____ электронды ресурс арқылы хат жолдау жолымен тиісті түрде хабарланды не
бұрын _____ (күні, айы, жылы) органның лауазымды тұлғасына адвокат куәлігі мен
қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама ұсынылды.

Алайда _____ (қашан, кім, қандай орган немесе оның лауазымды тұлғасы қандай
процестік әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасады, қандай шешімдер қабылданды). Осылайша органның лауазымды тұлғасы заң қомегіне жүгінген тұлғаның мүдделерін қорғау жөніндегі адвокаттың құқығын танудан бас тартты, бұл адвокатты қорғауындағы адамға жібермеу арқылы көріністанты.

Лауазымды тұлғаның осы әрекеттері оның әрекетсіздігімен қатар «Адвокаттық қызмет және заң қомегі туралы» ҚР Заңын (әрі қарай – Зан) бұзады. Қомек сұрап өтініш жасаған адвокат таңдауда еркін болады (Заңың 45-бабы).

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам ... адвокаттың заң қомегін сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделерін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды. Адвокат сottардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың әкімшілік ғимараттарына ... адвокат куәлігін көрсету арқылы еркін кіру құқығын пайдаланады (Заңың 33-бабы).

Мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығулар беруден бас тартуға құқылы емес. (Заңың 35-бабы).

... олардың қызметіне прокуратура, сottар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де үйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді. (Заңың 6-бабы).

ҚР ӘҚБтК-ның 748-бабы 3-бөлігінің күшіне орай қорғаушы іске қатысуға әкімшілік жаупаттылық туралы іс жүргізу үшін тұлғаны әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу дің кез келген сатысында жіберіледі.

Сонымен қатар халықаралық нормалар да адвокатты қорғауындағы адамға жіберуге кепілдік береді.

Үкіметтер заңгерлердің а) өздерінің барлық кәсіби міндеттерін қатерден, кедергілерден, қорқытудан немесе орынсыз араласудан ада жағдайда орындауын қамтамасыз етеді (16); құзырлы органдар заңгерлердің өз клиенттеріне тиімді заң қомегін көрсете алуы үшін заңгерлерге ... алдын-ала жеткілікті қол жетімділік қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай қол жетімділік қажеттілік туындаған сэтте қамтамасыз етілуі тиіс (21) (Заңгерлердің рөліне қатысты негізгі қағидаттар);

ҚР Конституациясының 4-бабы 3-тармағының күшіне орай Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және ... тікелей қолданылады.

Осылайша мемлекет қорғау құқығын қамтамасыз етеді және оған кепілдік береді, ал адвокатты қорғайтын адамға кіргізбеген жағдайларда білікті заң қомегі, таңдалған адвокаттың қорғауы, азаптаудан ада болу элементі ретінде адвокатқа қол жеткізу, құқықтық қорғаудың тиімді құралдары, жеке бас бостандығы мен қол сұғылмау құқығы бұзылады.

Айтылғаның негізінде және ҚР ӘҚБтК-ның 748, 760-баптарына, «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 5-бабына сәйкес:

(Органның лауазымды тұлғасының аты-жөні, тегі) әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тануды, жасалған бұзушылықты (мысалы: органдардың әкімшілік ғимараттарына адвокат куәлігін көрсету арқылы еркін кіру құқығын беру, қажеттілік туындаған жағдайда өзі қорғайтын адамға тиімді заң қомегін көрсету үшін жеткілікті алдын-ала жіберуді қамтамасыз ету, жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттік құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда өз міндеттерін атқарумен байланысты мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қолданған кез-келген тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шараларды алып тастау туралы қаулы немесе талап шығару, прокурорлық жауп жасаған адвокаттағы қадағалау актісін енгізу және т.б.) жолымен жоюды сұраймын.

Қосымша көшірмеде:

қорғау (өкілдік ету) туралы хабарлама № _____, айы, күні, жылы _____;
айтылған мән-жайларды растайтын құжаттар (болған жағдайда).

Күні, айы, жылы _____

Адвокат (қолы, ӘСҚ) _____

Аты-жөні, тегі _____

З-қосымша

**Үлгіні Э. Боханова ұсынды
мәтін түпнұсқа редакцияда жарияланды**

Орган атаяу, лауазымды тұлғаның аты-жөні
Прокурорға (ауданының, қаланың/облыстың)

Өтініш беруші: Адвокаттар Алқасының
(алқаның атауы) адвокаты аты-жөні, тегі

№ _____

Мекенжайы:_____

байланыс телефондары:_____

Мұддесі қорғалатын адамның аты-жөні, тегі (тұлға мәртебесі) _____

Мекенжайы/орналасқан жері: _____

байланыс телефондары: _____

Әрекеттеріне шағым жасалатын тұлға:_____

Орган атаяу _____

Орналасқан жері: _____

Лауазымды тұлғаның аты-жөні, тегі
(электронды пошта, байланыс телефондары)

Лауазымды тұлға(лар) әрекетіне(әрекетсіздігіне)

ШАҒЫМ

_____ (лауазымды тұлғаның аты-жөні, орган атаяу) іс жүргізуінде ҚР ӘҚБтК-ның
бабында/баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін
_____ (әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан ұстalған адамның
аты-жөні, тегі) қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу
жатыр.

Мен қорғайтын адам _____ (орган атаяу) _____ (уақыты, күні, айы, жылы)
жеткізілді (қамалды).

Алайда ұстalған сәттен бері 3 сағаттан асты.

Сонымен қатар ұстau негіздері, құқықтары мен міндеттері түсіндірілmedі, бұл ҚР
ӘҚБтК-ның 788-бабын елеулі түрде бұзы болып табылады, жеткізу туралы хаттама да,
әкімшілік ұстap алу туралы хаттама да, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама да
жасалмады, тапсырылмады, ұзақ уақыт бойы санитарлық талаптарға сай келмейтін үй-
жайда ұстalуда, табиғи қажеттіліктерін өтеу, тамақтану мүмкіндігінен айрылған.

Бұған қоса мен қорғайтын адамның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық
құрамы (оқиғасы) жоқ, ұстap алу кезінде құқық бұзушылық жасамаған, жеке басы
анықталған, адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндірмеген.

Тиісінше лауазымды тұлға ҚР ӘҚБтК нормаларын бұзған.

Айтылғаның негізінде және ҚР ӘҚБтК-ның 752, 786-789-баптарына сәйкес:

3 сағаттан астам уақыт заңсыз ұстau арқылы көрініс тапқан (органның лауазымды
тұлғасының аты-жөні, тегі) әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тануды, жол берілген
бұзушылықты дереу босату жолымен жоюды сұраймын.

Қосымша көшірmede:

қорғay (өкілдік ету) туралы хабарлама №_____, айы, күні, жылы____;
айтылған мән-жайларды растайтын құжаттар (болған жағдайда).

Айы, күні, жылы _____

Адвокат (қолы, ӘСҚ) _____

Аты-жөні, тегі _____